

## «ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ»

### ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАЙЛЫ ЕСЕП

**21.04.2022** г. Ә. Сағынов атындағы ҚарТУ-дың I курс студенттері арасында «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. С.С. Касимованың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбында патриоттық әндер байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты: Жастарды отансүйгіштікке, мәдени мұраны қастерлеуге, халық өнерін сүюге тәрбиелеу. Байқайдың міндеттері: Қазақстанның тарихи тұлғаларының шығармашылық мұрасы мен қоғамдық-саяси қызметін кеңінен насихаттау, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және қолдау.

Байқау 4 бағыт бойынша ұйымдастырылды:

- 1) «Атамекен» - Отан, туған жер, туған тіл туралы әндер;
- 2) «Аманат» - батырлар, «Алаш» қайраткерлері, желтоқсан оқиғасының қаһармандары туралы әндер
- 3) «Тағзым» - Ұлы Отан соғысының Батырларының ерліктері туралы және майдан әндері;
- 4) «Ән сал, сарбаз!» - заманау әскери сапта айтылатын әндер. .

Байқауға барлығы 18 музыкалық номер ұсынылып, тамашаланды. Әділ қазылар алқасының ұйғарымы бойынша келесі жүлделі орындар анықталды:

I орын – Байдилдина Ж, Жакия А. (ЦАФ-21-2) «Алтын бесік» әні;

II орын – Студенттер хоры (БЖД-21-1) «Ән сал, сарбаз!» әні;

III орын – Скачкова М, Толыбаева А. (АРХ-21-2) «Птицы белые» әні

Сонымен қатар келесі номинациялар бойынша жүлдегерлер анықталды:

*«Үздік орындаушылығы үшін»*

1) Иген Н, Қайырбек Ш, Ерқожаев Қ. (БЖД-21-1) «Мен қазақтың баласы» әні, «Аманат» бағыты;

2) Студенттер хоры (ФиЭМ -21-1) «Сәлем саған, туған ел» әні, «Ән сал, сарбаз!» бағыты;

3) Амангелдиева Д., Ғамзатұлы М. (ПСК-21-1) «Туған жер» әні, «Атамекен» бағыты;

4) Данил Юлдашев (ГПР-21-3) «Война» әні, «Тағзым» бағыты.

*«Орындаушылық шеберлігі үшін»*

1) Қайыр М. (ГД-21-1) «Мен қазақпын» әні, «Аманат» бағыты;

2) Студенттер хоры (МД-21-1,2) «Алға, қазақ жігіттері!» әні, «Ән сал, сарбаз!» бағыты;

3) Абжан Д. (ЦАФ-21-1) «Отан ана» әні, «Атамекен» бағыты;

4) Студенттер хоры (ТТ-21-1,2) «Жаса, Қазақстан» әні, «Атамекен» бағыты.

Студенттер патриоттық әндер байқауын өткізу идеясын ықыласпен қабылдады және оны өткізуге белсенділікпен қатысты.

